

А.А.Базилова

**ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚТАҒЫ ҚАЖЕТТІ  
ҚОРҒАНУ ИНСТИТУТЫНЫҢ  
ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ**

Монография



Қолжазба құқығында:  
УДК :343.2(575.2(043.3)):343.914

Базилова А. А.  
К 94 Қылмыстық құқықтағы қажетті қорғану институтының теориялық аспектілері /  
А. А. Базилова. - Алматы:  
2017. - 112 б. - 2 басылым  
**ISBN 978-601-04-0460-2**

Монографиялық зерттеу негізінде көрініс тапқан ғылыми ұсыныстарды қылмыстық қудалау органдары мен сот органдары тәжірибеде кенінен қолдануға болады. Зерттеу нәтижесінде құрылған ұсыныстар, қорытындылар, тұжырымдар қажетті қорғану нормасын қолданудың түсінігі мен негіздері туралы ұғым-білімінің өзгеруіне әсер етеді, яғни қылмыстық құқықтағы қажетті қорғануды қолданудың заңдылық негіздерін жетілдіруге өзіндік үлес қосады. Сонымен қатар, зерттеу материалдарын жоғарғы оқу орындарының заң факультеттерінде, қылмыстық құқық пәнінен дәріс, семинар және тәжірибелік сабақтарды өткізгенде, ғылыми-зерттеу жұмысын жүзеге асырғанда пайдалануға болады.

ISBN 978-601-04-0460-2

УДК 343  
ББК 67-408

## КІРІСПЕ

Қазақстан өз алдына мемлекет болып тәуелсіздігіне ие болғаннан кейін, егемендігіне, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына тірек болатын, өзінің барша құқықтық негіздерін қайта құру қажеттілігі туды. Осы бағытта қыруар жұмыстар атқарылды. Мемлекетті басқару, экономика, әлеуметтік саяси өмір, мәдениет, құқықтық тәртіпті сақтау, елді қорғау, сыртқы саясат қатынастарын реттейтін көптеген заңдар мен жарлықтар қабылданып жүзеге асырылуда.

Біздің басты мақсатымыз – әлеуметтік қауіпсіздік және азаматтарымыздың бақуаттығы. Бұл – қоғамдағы тұрақтылықтың ең жақсы кепілі.

Біздің қоғамда уақыт сынына төтеп бере алатын жаңартылған және әлдеқайда тиімді әлеуметтік саясатқа деген сұраныс өсіп келеді.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, әлеуметтік саясаттың мінсіз және әмбебап үлгісі жоқ. Бұл барлық азаматтары сол әлеуметтік жүйеге қанағаттанатындай бірде-бір қоғамның жоқтығы сияқты.

Әлеуметтік қауіпсіздік және азаматтардың бақуаттығы мәселелерін шешу – бұл әрбір қазақстандыққа әсер ететін қиын және өте маңызды міндет. Сондықтан бұл тұста әр қадам мұқият ойластырылған болуы тиіс.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы Қазақстан халқына жолдауындағы негізгі бағыттар адам құқықтары мен бостандықтарының қамтамасыз етіліп, қорғауға жататындығы бірінші кезекте тұратындығын қамтып отыр [1].

Қазақстан Республикасында қалыптасу, елде экономикалық реформаларды жүзеге асыру және нарықтық қатынастарға өту кезеңінде құқықтың мән-маңызы айрықша күшейді. Тауарлық-ақшалақ (мүлкітік) және басқару қарым-қатынастарын құқықтық тұрғыдан реттеуде заңдар мен басқа да нормативтік актілердің маңызы одан әрі нығая түспек. Осыған байланысты егеменді еліміздің мемлекеттік және қоғамдық өмірінің құқықтық негіздерін нығайту, мейлінше маңызды екендігі сөзсіз. Егеменді Қазақстанның конституциялық, әкімшілік, азаматтық, еңбектік және қылмыстық құқықтық салаларының аса маңызды екендігі ескеріліп, олардың көкейтесті мәселелері жанаша қарастырылуда.

Қазақстан Республикасындағы қылмыстық-құқықтық саясат, халықаралық нормаларға сәйкестендіріліп, олар еліміздің Конституциясына негізделіп отырып жүргізілуде.

Жаңадан қабылданған қылмыстық заңда негізінен адамның құқықтары мен бостандықтарының қорғалуы бірінші кезекті алады. Осыған байланысты Қазақстан Республикасының Конституциямен белгіленіп кепілдік берілген адам құқықтары қылмыстық, әкімшілік, азаматтық және басқа да нормативтік құқықтық актілермен бекітілуде.

Қазақстан Республикасының қылмыстық-құқықтық саясат тұжырымдасына сай қылмыстық заңнамада заңмен қорғалатын әлеуметтік

Ғылыми жарияланым

Базилова Айгуль Абаевна

**ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚТАҒЫ ҚАЖЕТТІ ҚОРҒАНУ ИНСТИТУТЫНЫҢ  
ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ**

**ИБ №7182**

Басылымға жіберілді 25.04.2017. Формат 148x210. Mondi қағазы.

Цифрлы печать. Тираж 500 дана.

ЦКО «Сервис» баспаханасы  
Алматы қ., Масанчи көш., 48А.